КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 20 қыркүйек № 7527-24-00-2/11048 Алматы қаласы

Алматы каласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Т.Өтепов сот ғимаратында талап арыз бойынша азаматтық істі оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қараған

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«OptoSnab» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Е.Е.Тойғанбек

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 36 480 теңге сомасында тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІМІ:
ҚР АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесінің талап арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «OptoSnab» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Е.Е.Тойғанбек 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 100 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «OptoSnab» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Е.Е.Тойғанбек мемлекет кірісіне 36 480 (отыз алты мың төрт жүз сексен) теңге сомасында тұрақсыздық айыбы және 2 941 (екі мың тоғыз жүз қырық бір) теңге сомасында мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

Құжатқа қол қойылған: Утепов К. Т., 24.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.12.2024, судья Утепов К. Т., 17.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін

Судья **К.Т.Өтепов**

Құжатқа қол қойылған: Утепов К. Т., 24.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.12.2024, судья Утепов К. Т., 17.12.2024

7527-24-3-1/12369